



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА

2026 ЖЫЛҒЫ
2-тоқсан

Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама

2026 жылғы 2-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

Респонденттердің бағалауы бойынша, 2026 жылдың 2-тоқсанында кәсіпкерлік субъектілері тарапынан несиеге сұраныс артқан. Бұл негізінен ірі және орта бизнес тарапынан сұраныстың өсуіне байланысты болды. Ал шағын және микрокәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік белсенділігі алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды (1-сурет).

Бірқатар банктер ірі бизнес тарапынан несиеге деген сұраныстың артқанын атап өтті. Бұл маусымдық белсенділіктің өсуі мен клиенттерді тарту жұмыстарының күшеюімен байланысты болды. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ тобы тарапынан берілетін, инвестициялық кезеңін аяқтап, өзін-өзі ақтау сатысына өткен жобаларды қайта қаржыландыру және бірлесіп қаржыландыру шеңберінде банктер жобаларды іріктеуді жалғастыруда. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының ішінде есепті тоқсанда агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру мақсатында Аграрлық несие корпорация желісі бойынша түскен қаражатты орналастыру белсенді жүргізілді. Жекелеген банктер экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар тарапынан туындаған сұранысты өтеу үшін орта мерзімді валюталық қорландыру базасын ұлғайтты. Жалпы, банктердің көпшілігінде несиеге деген сұраныстың негізгі бөлігін айналым қаражатын толықтыруға арналған өтінімдер құрады. Ал инвестициялық қаржыландыруға сұраныс негізінен жекелеген ірі қарыз алушылар тарапынан қалыптасты.

Нәтижесінде, ірі бизнес тарапынан түскен өтінімдердің жалпы саны айтарлықтай өзгермей, тоқсаннан тоқсанға (т/т) 1%-ға төмендеп, 235 өтінімді құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 39%-ға (т/т) азайып, 11,5 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бірқатар банктерде сұраныстың өскеніне қарамастан, бір ірі банкте 2026 жылғы 1-тоқсандағы елеулі өсімнен кейін есепті тоқсанда келіп түскен өтінімдер саны мен олардың орташа сомасының төмендеуі байқалды. Бұл жүйе бойынша көрсеткіштердің жалпы өсімін шектеді.

Орта бизнес сегментінде несиеге деген сұраныстың біршама артқаны байқалды. Сұраныстың артуына негізінен банктердің өңірлердегі қызметінің жандануы және мемлекеттік бағдарламалар бойынша жекелеген бағыттарға қаржыландыру көлемінің ұлғаюы әсер етті. Кейбір мемлекеттік бағдарламалар талаптарының өзгеруі кредиттік белсенділікті тежейтін факторлардың бірі болып отыр. Атап айтқанда, банктер «Өрлеу» бағдарламасына енгізілген өзгерістерге бейімделу қажеттігін атап өтуде. Өзгерістерге сәйкес қаржыландырылатын экономика салаларының тізімі қайта қаралып, негізгі капиталды қаржыландыруға басымдық берілді. Сонымен қатар, өңірлік шектеулер мен қарыз алушыларға қойылатын қарсы міндеттемелер енгізілді. Бұл ретте банктер «Даму»

қоры арқылы жүзеге асырылатын кепілдік беру бағдарламасын және ауыл шаруашылығы саласын қолдау тетіктерін белсенді пайдалануды жалғастырды.

Шағын және микрокәсіпкерлік сегментінде несиеге сұраныс тұрақты деңгейде қалды. Бірқатар банктер сату арналарын кеңейту, кредиттеу мерзімдері мен лимиттерін ұлғайту, қарыз алушыларды бағалау кезінде қосымша деректерді пайдалану және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту арқылы кредиттік өнімдерін жетілдірді. Алдағы уақытта банктер скоринг жүйесін одан әрі жетілдіруді жоспарлап отыр. Бұл ретте салалық модельдерді енгізуге, сондай-ақ қарыз алушылардың қаржылық жағдайының нашарлау белгілерін ерте анықтауға басымдық берілмек. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау бағдарламаларын цифрлық өнімдерге біріктіру жұмыстары жалғасады.

Жалпы, банктер қарыз алушылардың қаржылық жағдайында айтарлықтай өзгеріс байқалмағанын атап өтеді. Алайда жекелеген банктер білім беру және медицина салаларындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық жағдайы күрделене түскенін атап өтті. Банктер мұны аталған салаларда мемлекеттік қаржыландыру тетіктерінің өзгеруімен байланыстырады. Сауда саласында да қарыз алушылардың қаржылық жағдайының өзгергенін атап өтуде. Банктердің пікірінше, бұған салық саласындағы өзгерістер мен бөлшек кредиттеуге қатысты реттеушілік шаралардың жиынтық әсері, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың қалыпқа келуі ықпал еткен.

Осылайша, орта бизнес субъектілерінен келіп түскен кредиттік өтінімдердің саны 4%-ға (т/т) өсіп, 5,3 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа сомасы 3%-ға (т/т) ұлғайып, 927 млн теңгеге жетті. Шағын бизнес бойынша өтінімдердің жалпы саны 1%-ға (т/т) азайып, 904 мыңды құрады, ал олардың орташа сомасы 8%-ға төмендеп, 22,8 млн теңге болды.

Ірі бизнес субъектілерінің өтінімдерін мақұлдау коэффициенті 10 п.п.-ға (т/т) өсіп, 66%-ды құрады. Мақұлдау деңгейінің өсуіне негізінен алдыңғы кезеңдерде келіп түскен өтінімдердің осы кезеңде қаралуы әсер етті. Орта бизнес сегментінде мақұлданған өтінімдердің үлесі 2 п.п.-ға (т/т) артып, 39%-ға жетті, ал шағын бизнес бойынша бұл көрсеткіш 1 п.п.-ға (т/т) төмендеп, 33%-ды құрады.

Есепті тоқсанда кредиттеу шарттарында жекелеген банктер базалық мөлшерлеменің төмендеуіне сәйкес кредит мөлшерлемелерін төмендеткенін атап өтті. Ал кейбір банктер қорландыру құны мен шарттары өзгермегендіктен, кредит мөлшерлемелерін бұрынғы деңгейде сақтап отыр. Банктердің бағалауынша, 2026 жылғы 3-тоқсанда ірі бизнес тарапынан кредитке сұраныс артуы мүмкін. Бұған нарықта әлеуетті жобалардың болуы және банктердің осы сегменттегі жұмысын күшейтуі ықпал етеді (1-сурет).

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2026 жылдың 2-тоқсанының қорытындысы бойынша бөлшек несиелеу өнімдерінің барлығына сұраныс алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда өсті.

Ипотекалық қарыздарға сұраныстың артуы осы сегменттегі ірі банктің мемлекеттік ипотекалық несиелеу бағдарламасы мен өңірлік тұрғын үй бағдарламаларын белсенді іске асыруына байланысты болды (5-сурет). Жекелеген ірі және орта банктер сұраныстың өсуін ипотекалық несиелеу бағдарламаларының қайта жандануымен, маркетингтік іс-шаралардың өткізілуімен, сондай-ақ нарықтың маусымдық жандануымен және қайталама тұрғын үй нарығындағы мәмілелер санының артуымен байланыстырады. Сонымен қатар, банктер ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) қолданыстағы шекті мәнінің 2026 жылдың¹ соңына дейін сақталуы және тиісінше банктердің ипотекалық бағдарламаларын жалғастыруы сұранысқа оң әсер еткенін атап өтеді. Нәтижесінде ипотекалық өтінімдер саны 19%-ға (т/т) артып, 228 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 5%-ға өсіп, 21,5 млн теңгеге жетті.

Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныстың артуына бір ірі банктің жаңа онлайн-өнімді іске қосуы, сондай-ақ жекелеген орта банктердің сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуі және белсенді маркетингтік іс-шаралар өткізуі ықпал етті (5-сурет). Жалпы, өтінімдер саны 18%-ға (т/т) азайып, 85 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 27%-ға (т/т) өсіп, 17,7 млн теңгеге жетті. Өтінімдер санының азаюы негізінен алдыңғы тоқсанда өтінімдер саны айтарлықтай өскеннен кейін өнімді одан әрі кеңейтуді уақытша тоқтатқан жекелеген орта банктің белсенділігінің төмендеуіне байланысты болды.

Кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныстың артуына ірі және шағын банктердің жалақы жобаларын кеңейту шеңберінде жаңа клиенттер тартуы, қайта қаржыландыру бағдарламаларын іске қосуы және маркетингтік акциялар өткізуі ықпал етті (5-сурет). Жекелеген орта банкте өсім скорингтік талаптардың жеңілдетілуімен, кредиттік лимиттердің ұлғаюымен және қарыз алушылардың жекелеген санаттары үшін сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеуімен байланысты болды. Нәтижесінде осы несиелеу сегментіндегі өтінімдердің жалпы саны өзгеріссіз қалып, 15,9 млн-ды құрады, ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері 10%-ға (т/т) өсіп, 1 062 мың теңгеге жетті.

2026 жылдың 2-тоқсанында автонесиелеу сегментіндегі сұраныстың өсуінің негізгі факторлары автосалондардың жеңілдіктер ұсынуы және ірі банктердің субсидияланған сыйақы мөлшерлемелері бар бағдарламаларды іске асыруы болды (5-сурет). Жекелеген орта банктерде өсім белсенді несиелеудің қайта жандануымен және ресми дилерлермен

¹ 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша ЖТСМ-нің шекті мөлшерлері қарыз мөлшерінің кепіл нысанасының құнына арақатынасы коэффициентінің (ҚКК) шекті мәніне байланысты белгіленеді: ҚКК мәні 0,7-ге дейін және 0,7-ні қоса алғанда – 20%, ҚКК мәні 0,7-ден жоғары болғанда – 25%.

ынтымақтастықтың кеңеюімен байланысты болды. Нәтижесінде автонесиелер бойынша өтінімдер саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 20%-ға (т/т) артып, 1,5 млн-ды құрады, ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері 3%-ға (т/т) аздап төмендеп, 7 млн теңгені құрады.

2026 жылдың 3-тоқсанында банктер ипотекалық қарыздар мен автонесиелерге сұраныстың өсуін күтеді (5-сурет). Ипотекалық несиелеу бөлігінде банктердің күтулері мемлекеттік бағдарламаның ұзартылуына, қайта қаржыландыру бағдарламаларының іске қосылуына және құрылыс салушылармен ынтымақтастықтың кеңеюіне байланысты. Автонесиелеу бөлігінде сұраныстың өсуі ресми дилерлермен әріптестік бағдарламалардың қайта жандануына және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау жөніндегі акциялардың жалғасуына байланысты күтіледі. Сонымен қатар, кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныстың біршама төмендеуі болжанып отыр, ал кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныс бұрынғы деңгейде сақталады деп күтілуде (5-сурет).

2026 жылдың 2-тоқсанында ипотекалық және кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша несиелеу шарттары жалпы алғанда өзгерген жоқ (6-сурет). Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша жекелеген орта банктің сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуі және кепілмен қамтамасыз ету географиясын кеңейтуі, атап айтқанда республикалық маңызы бар қалаларға жақын орналасқан елді мекендерді қамтуы нәтижесінде шарттардың аздап жеңілдетілгені байқалды. Сонымен қатар, автонесиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өсуі және қарыз алушыларға қойылатын талаптардың күшейтілуі салдарынан шарттар аздап қатаңдатылды.

Ипотекалық өнімдер бойынша мақұлдау коэффициенті 10 п.п.-ға (т/т) өсіп, 33%-ды құрады. Бұған жекелеген ірі банктерге өтінім берген қарыз алушылардың төлем қабілеттілігінің жақсаруы ықпал етті. Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициенті 14 п.п.-ға (т/т) өсіп, 31%-ға жетті. Бұған жекелеген банктегі өтінімдерді қабылдау процесінің техникалық тұрғыдан жетілдірілуі ықпал етті. Кепілсіз қарыздар мен автонесиелер бойынша мақұлдау коэффициенттері тиісінше 1 п.п.-ға (т/т), 33%-ға дейін және 3 п.п.-ға (т/т), 18%-ға дейін аздап өсті.

Келесі тоқсанда банктер кепілсіз тұтынушылық және ипотекалық қарыздар бойынша несиелеу шарттарына елеулі өзгерістер енгізуді жоспарламайды (6-сурет). Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша кредиттеу шарттарының қатаюы күтіледі. Бұған қорландыру шарттарының өзгеріссіз қалуы жағдайында жекелеген ірі банктің сыйақы мөлшерлемелерін көтеруі себеп болады. Автонесиелеу сегментінде, керісінше, бір орта банктің сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуі және жекелеген ірі банктің субсидияланған сыйақы мөлшерлемелері бар акцияларды жалғастыруы есебінен шарттардың жеңілдетілуі күтіледі.

Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы



(а) №1 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары




(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

Таза процент өзгерісі

3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары




(а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі




(а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы


Таза процент өзгерісі



(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.


8-сурет. Тұтынушылық кредитін беру шарттары

Таза процент өзгерісі



- (а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
- (б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
- (в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.